“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке балабақшаның

2024-2025 оқу жылының үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес беру пункттің атқарған жұмыстар туралы есебі.

Баланы тәрбиелеудің алғашқы негізі отбасында қаланып, бөбекжайда әрі қарай жалғасын табады. Сондықтанда баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен бөбекжайдың бірлескен өзара тығыз байланыста, яғни ынтымақтаста болуы маңызды. Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық — орнату , ата-аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында, бөбекжайға бармайтын балалар және олардың ата-аналарына арналған кеңес беру пункті ұйымдастырылып, жыл бойына жоспар бойынша қызмет атқарылды.

Кеңес беру пункт қызметін меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, медбике, педагог мамандар тартылып міндеттері белгіленді. Кеңес беру пунктінің жұмысы —педагогикалық, медициналық сауықтыру, психологиялық педагогикалық бағыттарын қамтиды.

2024-2025 оқу жылына арналған кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бекітілді. Ата-аналарға арналған “Үй жағдайындағы баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жөніндегі қызметтер”, “Балалардың жас ерекшеліктері” , «Отбасындағы салауатты өмір дағдыларын дамыту», «Бөбекжайда кімдер бар....», «Үйде мерекені қалай көңілді ұйымдастыруға болады» , «Сөйлемейтін баламен жеке жұмыс» , «Мектепке дейінгі және үйде тәрбиеленіп отырған, гипербелсенді балаларға қолдау көрсету», “Баланы бөбекжайға психологиялық тұрғыда дайындау жолдары”, “Бала ойын арқылы дамиды”, “Мектеп жасына дейінгі балалардың шығдалу”, “Біз үйде ойнаймыз”/ қолдың саусақ моторикасын дамыту/
педагогикалық - психологиялық кеңестер берілді.

“Суықтың алдын алу шаралары”, «Профилактикалық екпе туралы ақпараттар», “Дені саулық-зор байлық”, “Тамақтан уланудың алдын алу ” түсіндірме, кеңес беру бағытында бөбекжай медбикесінің, педагог мамандардың жұмыстары жүргізіліп, қорытындыланды.

Мамандардың ұйымдастыруымен балаларға «Біздің бөбекжай» атты бөбекжай ішіне саяхаттау ұйымдастырылды. Балалар ата-аналарымен бірге бөбекжайдың әр топтарына, мамандар кабинеттеріне, медбике, музыка залына ойын бөлмесі т. б саяхат жасайды.

Ата-аналарға жыл бойына бөбекжайдың тіршілігі, баланы бөбекжайға бейімдеу жолдары, бала өмірі, қауіпсіздік шаралары туралы мәлімет кеңестер берілді.